

МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ - ЕРТЕҢДІ ОЙЛАУ






Мақсаты :

- Мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру.*
- Мамандық таңдауына көмектесу, бағыт-бағдар беру және психологиялық қолдау көрсету.*





Мамандық алғың келе ме,
Мамандық өзі немене?
Айналаң толған мамандық,
Айналаң толған өнеге.





«Жасырылған мамандықты тап!» тренингі

- * **Нұсқауы.** Тренингке қатысушылар 4 - топқа бөлінеді. Әр топтың бір қатысушысы келіп жүргізушінің қолындағы топшаманы суыруы керек. Әрбір топшамада белгілі бір мамандықтың аты жазылған. Барлық топ өздеріне түскен мамандықты қарсы топтарға ешқандай вербальды емес қарым-қатынаста (ешқандай сөз қолданбай), ым-ишарамен, түрлі қозғалыстарымен түсіндіруі қажет. Ал қарсы топтар жасырылған мамандықты табуы керек.



«Ең жақсы» ойыны.

**Ең ақшасы көп
мамандық...**

Ең жасыл мамандық...

Ең тәтті мамандық ...

Ең күлкілі мамандық ...

Ең жауапты мамандық...

Ең салмақты мамандық...

**Ең қарым-қатынасы
күшті мамандық...**

**Қай мамандық ең ақшалы болып
табылады**

Ең ақшасы көп- бухгалтер, экономист

**Ең жасыл-эколог, географ, бақташы, гүл
өсіруші**

Ең тәтті- аспазшы, кондитер

Ең күлкілі- клоун, карикатурашы

Ең жауапты-сот, бухгалтер

Ең салмақты- мұғалім, заңгер

Ең қарым-қатынасы күшті - бизнесмен



Ендігі кезекті апайлар мен ағайларға сұрақ бергіміз келіп отыр

- * Басшы болып елді басқару қиын ба? Әлде мансап па?
- * Сізді күнделікті бір сарынды мектептегі өмір жалықтырмай ма?
- * Сіз мектебімізде ұстаз болып ұзақ жылдар бойы қызмет етіп келесіз. Қызықты сәттеріңізді еске түсіріңізші?
- * Сіз ұстаздық қызметтен зейнеткерлікке шықтыңыз делік. Қайта мектепке келгіңіз келмей ме?
- * Осы мамандықты таңдағаныңызға өкінбейсіз бе?
- * Мамандығыңыз өзіңізге ұнай ма?



Биді қайтала



«Бұзық телефон» жаттығуы

Мақсаты; Зейінді дамыту,
эмоциялық қатаюдан арылу,
көңіл-күйді көтеру

Талдау

Қимылды ойлап тауып, оны
ойлап табу қиын болды ма?

Ойынның мағынасы не?

Көңіл-күйіңізбен бөлісіңіз.

Олай болса ендігі кезекті ситуациялық сұраққа берсек.

1. Ертең сіз қиналатын пәннен мемлекеттік емтихан. Бірақта сіздің ең жақын досыңыздың туылған күні. Барсаңыз емтиханға даярлығыңыз төмендейді. Бармасаңыз ең жақын досыңыз өкпелейді. Сіздің әрекетіңіз.

***2.Сіз жатақханада тұрасыз. Ертең демалысқа қарсы бәрі бөлмелерін кілттеп,үйлеріне қайтып кетті. Баратын үйіңіз жоқ. Сіздің қарныңыз ашып, мазаңыз кетті. Бөлмеде шайдан басқа тағам түрлері жоқ. Сіздің әрекетіңіз.**

***3.Сіздің бірінші курста оқитын кезіңіз. Студенттердің сүйікті мерекесі 17 қараша күні болатын мерекеге қарсы отырыспа ұйымдастырылған. Соған үйіңіздегілерден 2 сағатқа сұранып келдіңіз. Бірақ келгеніңізге 2 жарым сағат болды. Сол кезде сыртқы есік ашылып, үйіңіздегілер айқайлап, сізді алып кетті. Достарыңыздың алдында қатты ұялдыңыз. Сіздің әрекетіңіз. 1 - жүргізуші:**

*4.Сіз Емтихан тапсыру үстіндесіз. Жақсы баға алу үшін мұғаліміңіз сізден ақша талап етті. Сіздің қалтаңызда еш ақша жоқ. Бірақ қасыңыздағылардың бәрі осы әрекетке көшіп, осылайша емтиханнан оңай құтылуда. Ал емтихан уақыты аяқталуға аз ғана уақыт қалды. Осы кездегі сіздің әрекетіңіз.

Келесі кезекте «Сергіту сәтіне» береміз.

Гүл ішіндегі сұрақтар

- 1. Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін орындаңыз**
- 2. Бір жаңылтпаш айтыңыз**
- 3. Мұқағалидің өлеңінен үзінді айтыңыз**
- 4. «Мамандығым - махаббатым» дегенді қалай түсінесіз**
- 5. Болып жатқан сериалдың бір кейіпкерін сомдаңыз**
- 6. Рахаттанып демалыңыз**

«Тізбекті үзбе ойыны».

**Қатысушының бірі
мамандықты атайды, келесі
оқушы аталған сөздің әріпінен
басталатын мамандықты
атайды**

Мысалы: Мұғалім- медбике

Жаңа мамандықтар

- * Копирайтер
- * Мерчандайзер
- * Супервайзер
- * Медиатор
- * Ассистент
- * Дистрибьютор
- * Координатор
- * Логистик

Копирайтер

- * Белгілі бір фирманың тапсырмасы бойынша жарнама шығарушы адам. Ол жарнама аясында жарнамалық мәтіндер, пресс – релиздер т.б. жасайды. Бұндай қызметтегі адамдарға жоғары шығармашылық қабілет және ойлау мен тілдерді жетік меңгерулері қажет.*

Мерчандайзер

- * жекелей тауарлардың сатылуына тікелей жауап беретін маман. Сол өнімдердің бағаларымен жарнамалануына сонымен қоса дүкендердің сөресінде тауарлардың орналастырылуын бақылаушы.*

Супервайзер (англ.- supervisor – бақылаушы және қадағалаушы)

- * өнімдердің таралу бағыттарын беруші және де сол өнімдердің сатылуын бақылап, қадағалап отыратын маман.**

Медиатор (сотқа дейінгі арақатынасты шешуші.)

- * белгілі бір мәселеге байланысты түсінбеушіліктер туындаған жағдайда сотқа дейін бұл келіспеушіліктің себеп салдарын анықтап беретін маман.**

Ассистент (англ. - assistant)

- * белгілі бір фирма басшысының барлық қызметтеріне жекелей көмегін көрсетіп, ұйымдастырып отыратын қызметкер.

Дистрибьютор (англ. – distribute - распределять)

- * белгілі бір фирманың өнімдерін тікелей сату мен оларды насихаттау жұмысымен айналысатын қызметкер. Сол фирманың келісім шарты бойынша жұмыс атқарады.

Координатор

*** белгілі бір жұмыс орынында басқада фирмалармен өз ара жұмыс барысын жүйелі жүргізіп отыруға тапсырыстардың орындалуын қадағалап отыратын маман. Және де кіріс шығысты есебін жасаушы.**

Логистик “логистика”

кеден транспорттарының мендежері. Яғни жүк тасмалдау жұмыстарын ұйымдастырушы, жүк

Еңбек етсем, ертеңгі бақытыма сенемін.
Мақсатыма жеткізер уақытыма сенемін.
Достық іспен қасты да жеңеріме сенемін,
Ақыл, сана білім мен өнеріме сенемін.
Арым таза, ақ көңіл, адалдыққа сенемін.
Абыройлы, ақ ниет, адамдыққа сенемін!



Бүгінгі тренинг сабағымыздан не
алдыңыз?

Өзіңіз үшін қандай қорытынды
жасадыңыз, жақсы және кемшіліктері
туралы ойландыратын жағдай болды
ма? Жалпы өз ойыңыз бен тілегіңізді
мына түрлі –түсті қағазға жазып беріңіз.



Назар салып тыңдағандарыңызға
рахмет